



010000, Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: 55-66-31, 55-66-36, факс: 55-72-94

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилик, 11  
тел.: 55-66-31, 55-66-36 факс: 55-72-94

№  
03.08.2022 № 3 ге

**Тұрақты комиссияның  
2022 жылғы 3 тамыздағы  
қаулысы**

**Атқарушы органдардың  
әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына  
бағаларды тұрақтандыру жөніндегі жұмысы  
туралы**

Атқарушы органдардың әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру жөніндегі жұмысы туралы ақпаратты тыңдап, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі - Тұрақты комиссия) мынаны атап өтеді.

Отырысқа дайындық барысында Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының (бұдан әрі – Мәслихат) депутаттары бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу үшін атқарушы органдардың инфляцияға қарсы іс-қимылын қамтамасыз ету мәселелерін бірнеше рет көтерген.

Мәслихат депутаттарының бастамасы бойынша мониторингтік топтар сауда желілерін аралады, нәтижесінде елеулі кемшіліктер анықталды. Мониторинг жүргізу кезінде сауда орталықтарында тұрақтандыру қорынан алынған өнімдерді сату барысында әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасы негізсіз көтерілетінін, барлық дүкендерде тұрақтандыру қорынан ХӘОТ санатындағы өкілдерге арналған өнімнің әлеуметтік өнім ретінде сатылатынын көрсететін тақтайшалар жоқ екенін анықтады.

Анықталған кемшіліктерді жою үшін атқарушы органдарға екі ай мерзім берілді, алайда бағаның негізсіз көтерілуіне байланысты жағдай іс жүзінде өзгерген жоқ, бұл жасалған шарттарға сәйкес елеулі қаржы қаражаты бөлінетін сауда орталықтарының қызметіне атқарушы органдар тарапынан бақылаудың болмауына қатысты бұрын айтылған ескертулердің өзектілігін растайды. Сондай-ақ, анықталған фактілер бюджет қаражатының тиімсіз пайдаланылатынын айғақтайды.

Сонымен қатар, атқарушы органдар тарапынан ХӘОТ санатындағы өкілдерге тауарларды әлеуметтік тарату алгоритмі ойластырылмаған.

Мәслихат депутаттары жедел шаралардан басқа атқарушы органдарға әлеуметтік маңызы бар тауарларға бағаларды тұрақтандыру жөніндегі жағдайға ықпал ету тетіктеріне ие болуға мүмкіндік беретін заңнамалық нормаларды белгілеу бойынша жүйелі шаралар жүргізуді қажет деп санайды.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының прокуратурасы көтерме сауда базарларына (Әлем, Алаш және Шарын) тексеру жүргізді. Комиссия құрамына қалалық және аудандық әкімдіктің, Байқоңыр ауданының жергілікті полиция қызметінің және қалалық мемлекеттік кірістер департаментінің өкілдері кірді.

Тексеру қорытындысы бойынша базар әкімшілігі тарапынан (сауда үстемесінің сақталуын бақылаудың болмауы) да, сондай-ақ кәсіпкерлер тарапынан (тауар жүкқұжаттарының болмауы, витриналарда бағалардың көрсетілмеуі, 15%-дық сауда үстемесін көтеру) да бірқатар бұзушылықтар, сондай-ақ заңсыз пайда көріп жүрген делдалдардың қызметі анықталды.

Сондай-ақ, Мәслихат депутаттары әлеуметтік маңызы бар тауарларды субсидиялау мәселелерін ақпараттық сүйемелдеу бойынша жұмыстың әлсіз жүргізіліп жатқанын және осы бағыттағы жұмысты күшейту қажеттігін атап өтті.

Бұдан бұрын, Тұрақты комиссияның отырыстарында Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйекте берген тапсырмаларының орындалуын қамтамасыз ету, өндірушіден тұтынушыға дейінгі тізбек бойынша бағаларға бірыңғай бақылау орнату, тиісті атқарушы органдар мен «Astana» ӘКК» АҚ тарапынан бағаның тиімсіз белгіленуі және азық-түлік тауарларының бөлінуіне қатысты ұсынымдар берілген.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» ММ және «Astana» ӘКК» АҚ:

әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тұрақты бағамен сатылуы туралы ақпаратты, оның ішінде адамдар көп жиналатын жерлерде, қоғамдық көлікте, сыртқы жарнама, радио, телеарналар, әлеуметтік желілер және т.б. арқылы орналастыру арқылы халықты ақпараттандыру жөніндегі жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ету;

әлеуметтік маңызы бар тауарларды субсидиялау мәселелері бойынша ақпараттық жұмыс жүргізу жоспарын 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде әзірлеу және ұсыну;

азық-түлік тауарлары бағасының өсуіне әсер ететін делдалдық буындарды жою жөнінде, оның ішінде өнім өндірушілерден тікелей сату арналарын құру, фермерлік базарлар мен тұрақты жұмыс істейтін павильондар жәрмеңкелерін ұйымдастыру арқылы барынша шаралар қабылдау;

2022 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде азық-түлік тауарларын өндірушілерге қолдау көрсету жөніндегі тетікті әзірлеу және ұсыныстар енгізу;

жұртшылықты, азаматтық қоғам өкілдерін, қалалық Қоғамдық кеңес мүшелерін, елорда мәслихатының депутаттарын жоғарыда көрсетілген мәселелер бойынша жүйелі негізде қоғамдық бақылау жүргізу жөніндегі мониторингтік топтардың жұмысына тарту;

кәсіпкерлік (бизнес) субъектілері арасында олардың әлеуметтік жауапкершілігін арттыру, халықты және жергілікті атқарушы органның (әкімдіктің) әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасын тұрақтандыру бойынша қабылдап жатқан іс-әрекеттерін қолдау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын ұстап тұру бойынша мониторинг және үйлестіру жұмыстарын тұрақты негізде жүргізуді қамтамасыз ету ұсынылсын.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасы» ММ, «Нұр-Сұлтан қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» ММ, «Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» ММ, «City Transportation Systems» ЖШС, «Astana» ӘКК» АҚ бірлесіп:

ХӘОТ санаты өкілдеріне сатып алынатын тиісті азық-түлік тауарларына жеңілдіктер белгілеу мақсатында ХӘОТ санаты өкілдерінің (169 мың адам) дербес деректерін Магнумның ішкі жеңілдік картасына (базасына) енгізу бойынша; ХӘОТ санатының көлік карталарын Магнум базасына біріктіру бойынша 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде ұсыныстар, іс-қимылдар алгоритмін енгізу;

алдағы үш жылдық кезеңге арналған жергілікті бюджетке енгізу мақсатында 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде қала халқының жоғарыда аталған санатының көлік карталарын біріктіруді енгізуге қажетті ақшалай шығындардың есебі мен калькуляциясын ұсыну;

Бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар беру ұсынылсын.

3. Осы қаулы ұсынымдарының орындалуы бойынша ақпаратты қалалық мәслихатқа белгіленген мерзімде ұсыну қамтамасыз етілсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының  
бюджет, экономика, өнеркәсіп және  
кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі  
тұрақты комиссиясының төрағасы**

**В. Сергеев**